



## Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ к.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.

Өзенмұнайгаз АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, атынан, бір жағынан, және \_\_\_\_\_ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, \_\_\_\_\_ атынан, негізінде қызмет ететін \_\_\_\_\_, тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және \_\_\_\_\_ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

### 1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

### 2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) \_\_\_\_\_ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Орындаушы авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірilmейтін мерзімде (егер бұл сатып алу шарттарында көзделген жағдайда) жүргізіледі. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, авансты қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүргізіледі. Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.4.1. Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда аванстық төлем (алдын ала төлем) мынадай құжатты (құжаттарды) ұсыну негізінде \_\_\_\_\_ мерзімде жүргізіледі:

2.4.1.1. Төлем шоты;

2.4.1.2. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету

2.4.1.3. Шарт бойынша аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейінгі қолданылу мерзімімен, аванстық төлемнің тиісті сомасына жасалған, Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша қағаз тасымалдағыштағы аванстық төлемді қайтарудың банктік кепілдігі. (мыналардан басқа: - «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ холдингіне кіретін ұйымдар; - сатып алынатын тауарды өндіретін мүгедектер ұйымдары (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлғалар); - сатып алу заты сақтандыру қызметтері, электр энергиясы немесе жанар-жағармай материалдары болып табылатын жағдайлар (Тапсырыс берушінің шешімі бойынша); - сатып алу категориялық стратегиясында басқаша қарастырылған жағдайлар.)

2.4.2. Аванстық төлем (алдын ала төлем) тиісті күнтізбелік жылға арналған сатып алу сомасынан Шартқа Қосымшада көрсетілген мөлшерде төленеді.

2.4.3. Аванс (алдын ала төлем) қайтаруды қамтамасыз ету көрсетілген мерзімдерде ұсынылмаған жағдайда, шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші жасалған шарттың талаптарында айқындалған мерзімдерде аванс төлемей жүргізеді.

2.4.4. Шартта көзделген Қызметтердің барлығы немесе бір бөлігі көрсетілмеген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге тиісті түрде көрсетілген және Тапсырыс берушімен қабылданған Қызметтердің құнын шегере отырып, аванстық төлем сомасын қайтаруға міндетті.

2.5. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірilmейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу





(Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.2. Шот-фактура;

2.5.3. Қабылдау - тапсыру актісі

2.5.4. Орындаушы мен Тапсырыс берушінің орталық аппараты арасындағы өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (түпкілікті төлем/есеп айырысу үшін).

2.6. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.8. Нақты көрсетілген Қызметтер үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлем ескеріле отырып жүргізіледі.

2.9. Қызметтерді қабылдау актісі Тапсырыс берушінің үлгісіне сәйкес ресімделуі, оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюы тиіс. Электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат түріндегі Қызметтерді қабылдау актісі (бұдан әрі мәтін бойынша - Қызметтерді қабылдау актісі). Бұл ретте, Қызметтер көрсетуді растайтын құжат(құжаттар) Тапсырыс берушіге Жүйеде тиісті электрондық көшірмелер түрінде жіберіледі.

2.10. Аралық төлем аванстық төлем сомасын пропорционалды ұстап қалу ескеріле отырып, нақты көрсетілген Қызмет көлемі негізінде Шартқа №1 Қосымшада көрсетілген мөлшерде жүргізіледі.

2.11. Түпкілікті төлем/есеп айырысу Шарт бойынша Орындаушы міндеттемелерді 100% орындағаннан кейін жүргізіледі.

2.12. Егер шартта ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау көзделген болса, тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін шарт бойынша түпкілікті есеп айырысуға жол беріледі. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20% аспауға тиіс.

2.13. Тапсырыс беруші төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауға байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.14. Қолданыстағы салық заңнамасының талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші ҚР-да тұрақты мекемесі жоқ бейрезидентпен жасалған Шарттың жалпы сомасынан жеткізілген Тауар/көрсетілген Қызмет үшін төлем сәтінде төлем көзінде табыс салығын ұстап қалады. Бұл ретте Тапсырыс берушіден алған Өнім берушінің/Орындаушының кірістерін салық салудан толық немесе ішінара босату мақсатында, Өнім беруші/Орындаушы жеткізілген Тауар/көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлегенге дейін Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес осы мақсаттар үшін талап етілетін құжаттарды ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы мен Өнім берушінің/Орындаушының резиденттік елі арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық келісімнің ережелерін қолдануға құқылы.

2.15. Шот-фактура есепті кезеңнен кейінгі айдың 4-күнінен кешіктірмей қол қойылған Қызметтерді қабылдау актісінің түпнұсқасы негізінде Тапсырыс берушінің Қазынашылық департаментінде тіркелуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің тиісті құрылымдық бөлімшелерінде толтырудың дұрыстығын тексеруге жатады. Жоғарыда аталған құжаттардың әрқайсысында Шарттың нөмірі көрсетілуі, сондай-ақ <http://kmger.kz/rus/supplierscontractors/barcode/> веб-сайтында жасалған штрих- код ұсынылуы тиіс.


2.15.1. Шот-фактураларды ұсыну:

2.15.1.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес ресімделген шот-фактураны, Тараптар қол қойған Қызметтерді қабылдау актісімен және Жұмыстар құны туралы анықтамалармен бірге есепті айдан кейінгі айдың 4 (төртінші) күнінен кешіктірмей шарт талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстар бойынша Тапсырыс берушіден алынуы тиіс сомаға ұсынады.

2.15.1.2. Қызметтерді қабылдау нәтижелері бойынша Тапсырыс беруші 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Қызметтерді қабылдау актісіне қол қояды не Орындаушыға осындай бас тарту себептерін, анықталған кемшіліктерді көрсете отырып, Қызметтерді қабылдау актісіне қол қоядан бас тарту туралы хабарламаны ұсынады.

2.15.1.3. Шот-фактура (Қазақстан Республикасында тұрақты өкілдігі жоқ бейрезиденттер үшін ақы төлеу шоты (инвойс)) көрсетілген Қызметтер актісі негізінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделуі тиіс.

2.15.2. Өзара есеп айырысу туралы ереже





2.15.2.1. Осы Шартпен Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шартта, сондай-ақ Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған өзге де шарттарда көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны және(немесе) тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған барлық шарттар бойынша Орындаушыға тиесілі ақшадан кез келген сомаларды, оның ішінде төленген аванстарды біржақты тәртіппен ұстап қалу құқығын береді. Шарттық міндеттемелерді орындамауды/тиісінше орындамауды; шарттар бойынша міндеттемелерді орындау кестелерінің бұзылуын; есептелген айыппұлдарды, өсімпұлдарды және өзге де тұрақсыздық айыбын; шарттар бойынша Өнім беруші/Орындаушы алған тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді; шарттар бойынша өзара есеп айырысуларды жүргізуді растайтын құжаттар ұстап қалу үшін негіз болып табылады.

2.15.2.2. Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші ұстап қалатын сомалар жеткіліксіз болған кезде Орындаушы жетіспейтін соманы Тапсырыс берушіден тиісті шотты алған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде төлеуге міндеттенеді.

### 2.15.3. Салықтар

2.15.3.1. Орындаушы шарттың орындалуына байланысты кез келген юрисдикцияда Орындаушыға және Орындаушының персоналына мемлекеттік органдар өндіріп алатын немесе салатын барлық салықтар, лицензиялық төлемдер, импортқа баждар мен алымдар, кедендік төлемдер үшін, соның ішінде, қолдануға болатын жерде, Орындаушыға қандай да бір төлемдерді жүзеге асыру кезінде Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Тапсырыс беруші ұстап қалатын кез келген салықтар үшін ақы төлеуге немесе төлемді қамтамасыз етуге және жеке дара жауапкершілік қабылдауға келіседі.

2.15.3.2. Орындаушы Тапсырыс берушіні жоғарыда көрсетілген салықтарға, төлемдер мен баждарға қатысты кез келген шығыстарға, шығындарға, талаптар мен міндеттемелерге, соның ішінде пайыздар мен айыппұлдарға қатысты жауапкершіліктен босатуға, қорғауға және оқшаулауға міндеттенеді және Орындаушының Тапсырыс берушіге өтемақы төлеуі нәтижесінде пайда салығы мен қосылған құн салығының сомаларын ескере отырып, Орындаушы тарапынан қандай да бір бұзушылық нәтижесінде Тапсырыс берушіден төленуі талап етілуі мүмкін кез келген соманы Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

2.15.3.3. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы Қолданыстағы салық заңнамасында көзделген тәртіппен Тапсырыс берушіге жұмыстарды өткізуден түсетін айналымдар бойынша қосылған құн салығының тиісінше есептелуін және төленуін растауға міндеттенеді.

2.15.3.4. Орындаушының Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарында белгіленген жағдайларда өтемақы төлеуі Тапсырыс беруші Шарт бойынша Орындаушыға тиесілі кезекті төлемдердің тиісті сомаларын ұстап қалу жолымен және Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған өзге шарттар болған кезде не шот алынған сәттен бастап 7 жұмыс күні ішінде ұсынылған шоттың негізінде жүзеге асырылады.

## 3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Шартқа Қосымшаларға сәйкес орны бойынша және мерзімде Қызмет көрсетуге міндетті.

3.2. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күн Қызмет көрсету күні болып есептеледі. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес және Шартқа Қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

3.3. Қызмет көрсету мерзімдері, шарттары, көлемі және орны осы Шартқа Қосымшалармен айқындалады.

3.4. Тапсырыс беруші Қызметтерді Шартқа Қосымшаларға сәйкес Көрсетілген Қызметтер актісіне сәйкес көлемі мен сапасы бойынша қабылдайды. Тапсырыс беруші түпкілікті Көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күн Қызметтердің орындалған күні болып есептеледі.


3.5. Егер Қызметтердің көлемі мен сапасы Шарт талаптарына сәйкес келмесе немесе оның талаптарына сәйкес көрсетілмесе, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны хабардар етеді, ал Орындаушы Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде Қызметтердегі ақаулар мен кемшіліктерді жояды және Қызметтердің Шарт Талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

3.6. Орындаушының немесе Орындаушы Персоналының, Орындаушының өкілінің, Қосалқы мердігерлердің Тапсырыс беруші үшін қандай да бір міндеттемелер қабылдауға, сол сияқты Қызметтер көрсету барысында Тапсырыс берушінің қызметкері және өкілі болуға құқығы жоқ.

3.7. Орындаушы Шарт бойынша барлық міндеттемелерді Шарт талаптары мен Қолданыстағы заңнама талаптарын сақтай отырып, өзінің тәуекелі мен жауапкершілігі үшін өз есебінен және өз қаражаты есебінен (Орындаушы персоналына, материалдарға, жабдықтарға, машиналарға, механизмдерге қатысты кез келген сипаттағы төлемдерді, жалақыны, сыйлықақыны, сақтандыруды және әлеуметтік төлемдерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) орындайды.

3.8. Орындаушы өзінің қосалқы мердігерлерінің, олардың персоналы мен өкілдерінің кез келген әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін мұндай әрекеттерді немесе әрекетсіздіктерді Орындаушының өзі жасағандай, толық көлемде жауапты болады. Кез келген Қосалқы мердігерлік шарты Шарттың ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

3.9. Шарт Шарттың талаптарында белгіленген мерзім ішінде немесе Шарт заңнамада, Ережеде көзделген тәртіппен және жағдайларда бұзылғанға дейін қолданылады.





#### 4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

##### 4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 3.00 % мөлшерінде Банк кепілдігі түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды; Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.3. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.3.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.4. Шарттың талаптарына сәйкес қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға.

4.1.5. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандар арқылы Қызмет көрсетуге.

4.1.6. Осы Шартты орындау үшін тартылатын қызметкерлерге осы Шартта көрсетілген жалақылар Шарттың бүкіл қолданылу кезеңіне белгіленсін және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан елесі күннің 15-інен кешіктірілмейтін мерзімде тоқсан сайынғы негізде үзінді көшірмелер ұсынсуға (тендерлік құжаттамада Тәртіптің № 5 қосымшасының 35-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің жалақысының ең төменгі шегі(тері) белгіленген кезде қолданылады);

4.1.7. Шартты орындау үшін тартылған Орындаушының жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарының ұлғаюын қамтамасыз етуге және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан тоқсан сайынғы келесі күннің 15-інен үзіндіден кешіктірілмейтін мерзімде тоқсан сайынғы негізде ұсыну (Тәртіптің 59-бабы 1-тармағының 9) тармақшасының алтыншы абзацына сәйкес шарт жасасу және Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес жасалған шарттарға өзгерістер енгізу кезінде қолданылады).

4.1.8. Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға.


4.1.9. Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін, сондай-ақ Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында толық жауапты болуға.

4.1.10. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге.

4.1.11. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға.

4.1.12. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін тексеру үшін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге.

4.1.13. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды Қызмет көрсетуге жіберуге (мұндай





талап Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

4.1.14. Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан астам болған кезде өз қарамағында өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өз қызметі және (немесе) мамандары болуы тиіс (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.1.15. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз жұмыскерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізуге (мұндай талап көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

4.1.16. Өз жұмыскерлерін қауіпсіз Қызмет көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге міндеттенеді (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.1.17. Көрсетілген қызметтерді шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша Көрсетілген қызметтердің актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге.

4.1.18. Өз күшімен және қаражатымен Қызметтер көрсетуге (сонымен қатар, егер қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тарту шарттары тендерлік құжаттамада және өтінімде (Сатып алу Тәртібіне сәйкес тендер тәсілімен немесе өткізілмеген тендер қорытындылары бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алу жүзеге асырылған жағдайда) немесе Шартқа қосымша болып табылатын техникалық ерекшелікте (сатып алу өзге тәсілдермен жүзеге асырылған жағдайда) көзделген болса, қосалқы мердігерлердің күшімен және қаражатымен).

4.1.19. Қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартқан жағдайда қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) іс-әрекеттері үшін өз әрекеттері сияқты жауапты болуға.

4.1.20. Шартта көзделген Қызметтерді уақтылы және сапасыз көрсеткені үшін жауапты болуға.

4.1.21. Тапсырыс берушіге Шарт талаптарының тиісінше орындалмауынан, сондай-ақ басқа да заңсыз іс-әрекеттерден туындаған, оған келтірілген барлық залалдарды өтеуге.

4.1.22. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Орындаушы өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген қауіпсіздік және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар үшін, оның ішінде Орындаушы қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі үшін Тапсырыс беруші мен бақылаушы мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болуға.

4.1.23. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Орындаушы қызметкерлерінің қауіпсіздік және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарын сақтауы тұрғысынан тұрақты түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізуге.


4.1.24. Орындаушының кінәсінен туындаған еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама мен Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарының талаптарын сақтамауына байланысты туындаған мемлекеттік органдар мен өзге де заңды және жеке тұлғалар тарапынан қойылған наразылықтарға, сот талап арыздарына, айыппұлдарға байланысты шығыстар мен залалдарды Тапсырыс берушіге толық өтеуге.

4.1.25. Мемлекеттік бақылаушы органдар Тапсырыс берушіге Орындаушының қызметі нәтижесінде туындауы мүмкін оқиғалар үшін айыппұл санкцияларын ұсынған жағдайда, Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеу бойынша толық материалдық жауапты болуға.

4.1.26. Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша регламенттейтін құжаттарға сәйкес Қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге.


4.1.27. Шарт талаптарын, Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын, сондай-ақ Шарт бойынша Қызмет көрсету кезінде қолданыстағы, оның ішінде техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша заңнаманың талаптарын сақтауға. Орындаушы қажетті шарттарды, талаптарды және стандарттарды сақтамаған жағдайда Орындаушыға тыйым салуға негіз болған себептер жойылған кезге дейін Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тыйым салынуы мүмкін немесе Қызметтер көлемі Тапсырыс беруші мүмкін деп санайтын Қызметтерге ғана сәйкестендірілуі мүмкін Бұл ретте Орындаушы Шарттың мерзімдеріне сәйкес Қызметтерді уақтылы көрсетуге жауапты болады.

4.1.28. Өз есебінен Орындаушыға Шарт бойынша Қызмет көрсетуге қажетті барлық рұқсат беру құжаттарын толық күшінде және іс-әрекетінде сақтауға, оның ішінде лицензияларды, сертификаттарды және мемлекеттік және өзге де органдардан өзге де рұқсаттарды алуға және сақтауға.





- 4.1.29. Қызмет көрсету барысында Тапсырыс беруші мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге.
- 4.1.30. Қызметтерді көрсету процесінде өзінің әрекеттерімен Тапсырыс берушінің, сондай-ақ оның контрагенттерінің жұмысына кедергі келтірмеуге.
- 4.1.31. Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін жеткілікті персоналдың тұрақты болуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша мынадай: - өз міндеттерін орындау кезінде біліксіздігін немесе ұқыпсыздығын көрсеткен, немесе - Тапсырыс берушінің мүдделеріне қайшы келетін немесе зиян келтіретін қызметке қатысатын, немесе - қауіпсіздікке, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауға қатысты Шарттың талаптарын сақтамайтын Орындаушының және/немесе қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) кез келген персоналын ауыстыруға.
- 4.1.32. Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға.
- 4.1.33. Шарт бойынша Қызмет көрсету аяқталғаннан кейін немесе Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Тапсырыс берушіден не ол уәкілеттік берген адамдардан Шартты орындау үшін алынған барлық заттарды (қағаз және электрондық тасымалдағыштардағы ақпаратты, құжаттаманы, сызбалар мен жоспарларды және т.б.) қайтаруға.
- 4.1.34. Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Шартты орындауға байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Орындаушының шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін ұсынуға;
- 4.1.35. Шарт жасалған сәттен бастап Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде Шарт бойынша тиісті Қызмет көрсету үшін Тапсырыс берушінің кен орындары аумағында жүріп-тұруының қажеттілігі бар Орындаушының көлігін техникалық құралдармен (GPS терминалдармен) жарактандыруға. Орындаушының көлігінде орнатылатын GPS терминалдары Тапсырыс берушінің GPS мониторингінің бірыңғай жүйесінің техникалық шарттарына сәйкес келуі тиіс (техникалық шарттарды Тапсырыс беруші Орындаушының сұрау салуы бойынша ұсынады). Шарттың осы тармағының талаптарына сәйкес келмейтін көлікке Тапсырыс берушінің кен орындарының аумағына кіруден бас тартылуы мүмкін, бұл ретте, Орындаушы Шарт бойынша Қызметтердің тиісінше және уақтылы көрсетілуіне жауапты болады.
- 4.1.36. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріндегі жұмысқа тартылатын Орындаушылар мен Орындаушының қосалқы мердігер ұйымдары Тапсырыс берушінің қауіпсіздік қызметіне келісімшарттық аумаққа кіру және келісімшарттық аумақтан шығу үшін рұқсат алуға арналған құжаттар тізбесін ұсынады.
- 4.1.37. Орындаушы декларациялар мен салық есептілігін қабылдау туралы хабарламалардың көшірмелерін ұсыну арқылы ҚР салық заңнамасында көзделген тәртіппен Тапсырыс берушіге қызметтер көрсетуден алынатын айналымдар бойынша қосылған құн салығының тиісінше есептелуін және төленуін уақтылы және толық көлемде растауға міндеттенеді. Жоғарыда көрсетілген талап орындалмаған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушының шоттары бойынша төлемді кешіктіру құқығын өзіне қалдырады.
- 4.1.38. Егер қызмет көрсету кезінде құрамына өлшеу құралдары кіретін жабдық енгізілетін болса, онда енгізілетін жабдықтың құрамына кіретін барлық өлшеу құралдары Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілуі (қосылуы) және салыстырып тексеру аралығының 2/3 кем емес қалдық тексеру мерзімі болуы тиіс. Орындаушы орындалған жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді қабылдау кезінде барлық өлшеу құралдарына Қазақстан Республикасының аумағында тексеру туралы және өлшеу құралдарының типін бекіту туралы сертификаттар беруге міндетті.
- 4.1.39. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету Тапсырыс берушінің талабы бойынша аванстық төлемді қайтарымсыз және сөзсіз қайтаруды қамтамасыз етуге тиіс.
- 4.1.40. Орындаушының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын қосалқы мердігерлердің/бірлесіп орындаушылардың қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге міндеттенеді.
- 4.1.41. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушының және оның қосалқы мердігерлерінің/бірлесіп орындаушылардың Шарттар бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпаратты олардың азаматтығы мен әрбір лауазым бойынша төленген жалақы сомасын көрсете отырып ұсынады.
- 4.1.42. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушының және оның қосалқы мердігерлерінің/бірлесіп орындаушылардың шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге байланысты мәселелер бойынша кез келген өзге қосымша ақпарат пен құжаттарды ұсынады.
- 4.1.43. Орындаушы тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен қызмет көрсетуге міндетті. Бұл ретте Орындаушы Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды мәні бірдей мамандарды ауыстыруға құқылы.
- 4.1.44. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.





4.1.45. Мердігер өз қызметкерлерінің (жұмысшыларының) ұжымдық еңбек жанжалдарында, жиналыстар, митингілер, пикеттер және наразылық акцияларының басқа да нысандарын ұйымдастыру, қатысу, өткізу, тәртіпсіздіктер және Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс тәртібін бұзу әрекеттері үшін, сондай-ақ Шарт бойынша қызметтерді уақтылы және тиісінше орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін немесе Тапсырыс берушінің кен орындарындағы жұмыстарды тоқтата тұруға әкеп соғуы мүмкін кез келген басқа бұзушылықтарға толық жауап береді. Орындаушы Тапсырыс беруші үшін елеулі шығындарға әкеп соққан, жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың нәтижесінде қызмет көрсетуді тоқтатқан жағдайда немесе қызмет көрсетуді 5 күнтізбелік күннен астам уақытқа тоқтатқан жағдайда, Тапсырыс беруші біржақты Шартты бұзудың күтілетін күнінен кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын Орындаушыға тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

4.1.46. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша, Тапсырыс берушінің өтінішінде көрсетілген есепті кезеңдегі Орындаушының шаруашылық қызметінің, қаржылық есептілігін ұсынуға міндеттенеді.

## 4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

4.2.5. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.7. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының)  $\frac{1}{4}$ -нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.8. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.2.9. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде өнім беруші көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер көлемінің (құнының)  $\frac{1}{4}$ -нен аспайтын бірлесіп орындауға беруге.

## 4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтару;

4.3.5. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын Орындаушыға қайтаруға міндетті.


4.3.6. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

4.3.7. Тапсырыс берушінің енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару бойынша міндеттемесі Орындаушының шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты шартты бұзу жағдайларына қолданылмайды.

4.3.8. Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін ақыны уақтылы төлеуге.

4.3.9. Қызметтер көрсету үшін Орындаушыға қажетті ақпараттың толық көлемін ұсынуға.

## 4.4. Тапсырыс беруші құқылы:





4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Осы Шартта және оған Қосымшаларда көрсетілген Қызметтерді сапалы және уақтылы көрсетуді талап етуге; көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жоюды талап етуге.

4.4.7. Егер Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жою бойынша өз міндеттемелерін шарттық міндеттемелердің талаптарын орындамаса, жазбаша ұйғарыммен бұзушылықтар жойылғанға дейін Қызметтерді көрсетуді толық немесе ішінара тоқтату туралы өкім беруге;

4.4.8. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ қауіпсіз мекенжайына Өнім берушінің атауын, шот нөмірін және төлем мақсатын қоса алғанда, осы шарт бойынша төлем сомалары туралы ақпаратты қамтитын банктік үзінді көшірме беруге.

4.4.9. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ сұрау салуы бойынша осы шарт бойынша кез келген ақпаратты ұсынуға.

4.4.10. Тапсырыс беруші Орындаушыны Орындаушының жарактандырылуы бөлігінде (қажет болған жағдайда Орындаушының өндірістік объектілеріне бару арқылы) техникалық спецификацияда көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеруге құқылы. Тексеру қорытындылары бойынша қажетті жарактандыру бөлігінде сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушының өз міндеттемелерін бұзуына байланысты шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

## 5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтердің олардың техникалық ерекшелікке және шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Көрсетілген қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.2.1. Орындаушының көрсеткен Қызметтерін тапсыруы және Тапсырыс берушінің оларды қабылдауы екі Тарап кол қойған Көрсетілген Қызметтер актісімен ресімделеді.

5.2.2. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтерді тексеруді Қосымшаларға және Шарттың өзге де талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

5.2.3. Тапсырыс беруші Орындаушыдан шарт талаптарында көзделген Қызметтердің көрсетілгенін растайтын құжатты (құжаттарды) алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей шарт бойынша қажетгі ақпаратты толтырады және ескертулер болмаған жағдайда Қызметтердің көрсетілгенін растайтын актіге кол қояды, не дәлелді негіздерді көрсете отырып, көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан бас тартады.


5.3. Көрсетілген Қызметтердің саны мен сапасы мәселелері бойынша шағымды Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызмет көрсетілген сәттен бастап не әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес кемшіліктер (жасырын кемшіліктер) анықталған 10 он жұмыс күні ішінде ұсынады.

5.4. Егер Орындаушы 7 жеті жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Орындаушы мойындаған деп танылады және Орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен хабарламаны алған сәттен бастап 10 (10) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен кемшіліктерді жоюға міндеттенеді.

5.5. Егер Тапсырыс беруші қызметтер көрсетілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға Қызметтердің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Қызметтер Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

## 6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына





кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Орындаушы Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 12 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

6.3. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Қызметтердің барысы мен сапасын, Қызмет көрсету мерзімдерін, материалдар мен жабдықтардың сапасын, мамандардың біліктілігін және т.б. өз күшімен немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып тексеруге құқылы. Орындаушы Тапсырыс беруші уәкілеттік берген үшінші тұлғалардың сұрау салуы бойынша қажетті ақпаратты беруге міндетті. Бұл ретте, тексеру процесінде Шарт талаптарынан ауытқулардың немесе өзге де кемшіліктердің анықталуы Орындаушыны Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерден босатпайды және кейін Тапсырыс берушіні көрсетілетін Қызметтердің мерзімдеріне, көлемдері мен сапасына қатысты талаптарды қою құқығынан айырмайды. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге және/немесе оның өкілдеріне Шартты орындауға байланысты ақпаратқа кез келген тексеру жүргізуге жәрдем көрсетеді. Тапсырыс беруші тексеруді Орындаушыға келтірілген қолайсыздықтар минималды болатындай ұйымдастырады. Орындаушы тиісті сұрау салуды алған сәттен бастап 2 күннен кешіктірмей Тапсырыс берушіге Қызметтер көрсету барысы туралы хабарлауға, сондай-ақ көрсетілген Қызметтердің көлемі мен сапасын растайтын қажетті құжаттаманы ұсынуға міндеттенеді. Орындаушы Шарт бойынша кез келген қосалқы мердігерге (бірлесіп орындаушыға) осындай тексеру жүргізуге қатысты Тапсырыс берушінің жоғарыда аталған құқықтарына ұқсас құқықтарды алуға тиіс және Тапсырыс берушіге осындай құқықтарды беруге міндеттенеді.

6.4. Көрсетілген Қызметтердің сапасы Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы көрсетілген қызмет түрі бойынша тиісті саланың облыстары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік стандарттарға/талаптарға сәйкес келуі тиіс.

6.5. Орындаушының, сондай-ақ, болған кезде, оның қосалқы мердігерлерінің (бірлесіп орындаушылардың) барлық рұқсат беру құжаттары, соның ішінде көрсетілетін Қызметтерге лицензиялар, сертификаттар, шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттар және Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттары, ал Орындаушының және қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) персоналының, соның ішінде Қызметтер көрсетуге тікелей қатысатын персоналдың сапалы Қызметтер көрсету үшін қажетті біліктілігі мен тәжірибесі бар.

6.6. Шарт бойынша Қызметтерді сапалы көрсету және Тапсырыс берушіге берілген олардың нәтижелерінің сапасы. Шарттың мәні болып табылатын қызметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен стандарттарға, Шарттың талаптарына толық сәйкес келуге тиіс. Қызметтер көрсету барысында, сондай-ақ Қызметтер көрсету нәтижелерінде анықталған кез келген сәйкессіздікті Орындаушы Шарттың қолданылу кезеңі ішінде, сондай-ақ Тапсырыс беруші Қызметтер нәтижелерін қабылдаған күннен бастап 12 ай ішінде өз қаражаты есебінен өздігінен жояды және/немесе Тапсырыс берушіге өтейді.

6.7. Қызметтер қабылданғаннан кейін Тапсырыс берушіге берілген Қызметтер нәтижелеріне қатысты меншік құқығы Тапсырыс берушіге өтеді.

6.8. Қызметтердің нәтижелері еркін және Қазақстан Республикасының авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік және/немесе басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғалардың кез келген құқықтары мен талаптарынан бос күйде және бос болады, және Орындаушы Қызмет көрсетуге байланысты туындайтын, зияткерлік құқықтардың бұзылуына немесе болжамды бұзылуына байланысты туындайтын барлық іс-әрекеттерге, наразылықтарға, талаптарға, ысыраптарға, залалдарға, шығындарға, шығыстар мен міндеттемелерге байланысты Тапсырыс берушіні жауапкершіліктен босатады, қорғайды, залалды өтейді және жауапкершілікке тартылмауын қамтамасыз етеді.

## 7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.


7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге шарттың сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ шарттың сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.2. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1%, бірақ шарттың сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.3. Қызметтерде елішілік құндылықтың нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.4. Шарттың 4.1.7-тармағында көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе Тараптар көрсетілген Қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.





7.2.5. Шарттың 4.1.8-тармағында көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе Тараптар көрсетілген Қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.2.6. Орындаушы Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын ұстап қалуына келіседі.

7.4. Егер Орындаушы осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзады және әлеуетті өнім беруші берген өтінімді қамтамасыз етуді ұстайды.

7.5. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.6.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға шарттың сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ шарттың сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.6.2. Орындаушы ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарттың сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.6.3. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ шарттың сомасынан 10%-нан аспауға тиіс.

7.6.4. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға шарттың сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде, әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді.

